

Бастауыш сынып бірлестігі отырысының хаттамасынан үзінді

“Бұлақтыкөл орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

23.12.2025 ж

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде: 1. 3-4 жастағы шағын орталық балаларының сөйлеу тілін дамытудағы әдістемелік жұмыстар

Тыңдалды: 3-4 жастағы шағын орталық балаларының сөйлеу тілін дамытудағы әдістемелік жұмыстар бойынша тәрбиеші Сатыбалдина Нұркенженің сөзі тыңдалды

Сөйлеушілер: 1) Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Ожауова Нұргүл Құрметті әріптестер!

Бүгінгі әдістемелік бірлестік отырысында қарастырылып отырған тақырып – 3–4 жастағы балалардың сөйлеу тілінің дамуы. Бұл жас кезеңі баланың тілдік қабілеті қарқынды қалыптасатын, қоршаған ортамен қарым-қатынасы кеңейетін маңызды кезең болып табылады.

Жүргізілген бақылау мен мониторинг нәтижелері көрсеткендей, топтағы балалардың басым бөлігі қарапайым сөз тіркестерін қолдана алады. Дегенмен, кейбір балаларда сөзді қорының жеткіліксіздігі, сөйлемді толық құра алмауы, дыбыстарды бұрмалап айтуы байқалады. Әсіресе өз ойын еркін жеткізу, сұрақтарға толық жауап беру дағдылары әлсіз дамыған.

Сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін негізгі факторлар ретінде отбасындағы тілдік орта, баламен қарым-қатынастың жиілігі, көркем әдебиетпен жұмыс деңгейі анықталды. Кей отбасыларда баламен сөйлесу аз, гаджеттерді пайдалану басым екені байқалады.

Осыған байланысты тәрбиеші тарапынан күн тәртібінің барлық сәттерінде сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда, таңертеңгі қабылдау кезінде баламен әңгімелесу, серуен кезінде заттар мен құбылыстарды сипаттау, ойын барысында диалогқа тарту маңызды.

Қорытындылай келе, сөйлеу тілінің дамуы жүйелі, мақсатты және үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана оң нәтиже береді деп есептеймін.

2) Бірлестік жетекшісі Мустафина Карылгаш

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс үлкен рөл атқарады. 3–4 жастағы балалар үшін ең тиімді әдіс – ойын арқылы оқыту. Себебі бала ойын барысында еркін сөйлейді, жаңа сөздерді жеңіл қабылдайды және есте сақтайды.

Сөйлеу тілін дамытуда біз төмендегі әдіс-тәсілдерге баса назар аударуымыз қажет: – саусақ ойындары мен артикуляциялық жаттығулар;

– тақпақ, жаңылтпаш, санамақтарды жаттату;

– сурет бойынша әңгіме құрату;

– рөлдік ойындар ұйымдастыру.

Бұл жұмыстар тек ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен шектелмей, күн тәртібінің барлық кезеңінде жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы, киіну барысында әрекеттерді сөзбен түсіндіріп серуен кезінде табиғат құбылыстарын сипаттау арқылы баланың сөйлеу белсенділігін арттыруға болады.

Сонымен қатар, ата-аналармен тығыз байланыс орнату маңызды. Оларға баламен күнделікті сөйлесу, кітап оқу, сұрақ қою арқылы ойландыру жөнінде тұрақты кеңес беру отыру қажет.

Әдістемелік бірлестік мүшелері осы бағытта бірлескен жоспар құрып, тәжірибе алмасу нәтиже айқын болады деп ойлаймын.

3) Психолог Ашықбаева Гүлсара

Құрметті әріптестер!

Баланың сөйлеу тілі оның эмоционалдық жағдайымен, психологиялық жай-күйімен тығыз байланысты. Кейбір балалар ұялшақтық, сенімсіздік салдарынан сөйлесуден

қашқақтайды. Сондықтан біз баланың әрбір айтқан сөзіне қолдау көрсетіп, мадақтап отыруымыз қажет.

Сөйлеу тілі баяу дамып жатқан балалармен жеке жұмыс жүргізу де маңызды. Олармен қысқа диалогтар, қайталау, сұрақ-жауап әдістері арқылы жұмыс жасау тиімді нәтиже береді. Баланы асықтырмай, салыстырмай, сабырмен тыңдау – негізгі талап.

Психологиялық қолайлы орта қалыптасқан жағдайда ғана бала еркін сөйлеп, өз ойын жеткізе алады. Сондықтан тәрбиеші мен ата-ананың балаға деген көзқарасы, қарым-қатынасы өте маңызды.

Қорытындылай келе, сөйлеу тілін дамыту – тек оқу іс-әрекетінің ғана емес, бүкіл тәрбиелеу процесінің ажырамас бөлігі екенін атап өткім келеді.

Бірлестік отырысында күн тәртібіндегі барлық мәселе талқыланып, қорытындыланды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ (ШЕШІМІ)

1.3–4 жастағы балалармен сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу шағын орталық тәрбиешісі Сатыбалдина Нұркенжеге міндеттелсін.

Бірлестік жетекшісі: К.Ж. Мустафина К.Ж. Мустафина
Хатшы: Н.Ш. Сатыбалдина Н.Ш. Сатыбалдина